

Г.М. АХМЕТОВА 

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: gulnar_akhmetova_93@mail.ru*

С. РАЕВТЫҢ «ЖАНЖАЗА» ЖӘНЕ Т. НҰРМАҒАНБЕТОВТЫҢ «ПЕРІШТЕЛЕРДІҢ ӨЛІМІ» РОМАНДАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҰҒЫМДАР ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақалада автор тәуелсіздіктен кейінгі тұста жазылған қазақ-қырғыз әдебиетіндегі постотаршылдықтың көрінісін бейнелеуде көркемдік әдіс қызметін атқарған фольклорлық мотив, образдардың қолданылу ерекшеліктерін қарастырған. Ресей тарапынан жүргізілген отарлаудың Орталық Азия халықтарының мәдениеті мен саяси-әлеуметтік жағдайына, салт-санасына, діни-ғұрпына тигізген теріс әсеріне ғылыми тұрғыда дәлелдемелер келтіріліп, әдебиеттанулық аспектіде зерттеу жүргізілді. Жазушылардың қарғыс, қарға, жылан, әруақ, бақсы, кек қайтару, жыланмен арбасу, құдайға қарсылық, киелі жер іздеу, киелі ағашқа мұңын айту сынды мотивтерді қоғамның өзекті мәселелерінің шешімін табуда, негізгі қаһарманды идеализациялау мақсатында қолданғаны айқындалды. Сондай-ақ, қырғыз жазушысы Сұлтан Раевтың «Жанжаза» және қазақ қаламгері Тынымбай Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі» романындағы жылан символикасының мәні мен аллегориялық сипатына салыстырмалы-типологиялық талдау жасалды.

«Жанжаза» туындысындағы адамзатқа тыйым салған – рухани цензураның кейбір элементтері ретінде жындыханадағы ауруларға киелі кітапты оқуға тыйым салынуы, Лир мен мен Ескендір Зұлқарнайын образының астарымен берілген құдайсыздық, жеке басқа табыну сюжеттерінің қызметі сараланса, «Періштелердің өлімі» шығармасында бүгінгі заман келбетін танытатын алаяқтық, халықты жапа шектіретін кәсіп көзін әшкерелеп, дағдарысқа түскен қоғамның дертін, әйел теңсіздігін сөз еткен автордың жеке интенциясы мен шығармашылық шеберлігі талданды.

Кілт сөздер: постотаршылдық, түс көру, сюжеттік желі, лейтмотив, Сұлтан Раев, миф.

G.M. Akhmetova

*Junior Researcher of M.O. Auezov Institute of Literature and Art
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: gulnar_akhmetova_93@mail.ru*

The Function of Folklore Concepts in the Novels of S. Raev «Zhanzhaza» and T. Nurmaganbetov «Death of Angels»

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Ахметова Г.М. С. Раевтың «Жанжаза» және Т. Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі» романдарындағы фольклорлық ұғымдар қызметі // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2023. – №2 (128). – Б. 101–113. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.08>

***Cite us correctly:**

Ahmetova G.M. S. Raevtyн «Janjaza» jane T. Nurmaganbetovtyн «Perishtelerdin olimi» romandaryndagy folklorlyq ugymdar qyzmeti [The Function of Folklore Concepts in the Novels of S. Raev «Zhanzhaza» and T. Nurmaganbetov «Death of Angels»] // *Iasaui universitetinin habarshysy.* – 2023. – №2(128). – B. 101–113. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.08>

Abstract. The article examines the features of the use of folklore motifs and images that served as an artistic method in depicting the manifestations of post-colonization in Kazakh-Kyrgyz literature written in the period after independence. Scientific evidence of the negative impact of colonization by Russia on the culture and political and social status, traditions, religious customs of the peoples of Central Asia was presented, a study was conducted in the literary aspect. It was found that the writers used such motives as a curse, a crow, a snake, a ghost, a witch, retribution, snake fascination, resistance to God, the search for Holy Land, mourning for a sacred tree, in search of solutions to pressing problems of society, in order to idealize the protagonist. A comparative typological analysis of the meaning and allegorical character of the symbolism of the snake in the novels of the Kyrgyz writer Sultan Raev «Zhanzhaza» and the Kazakh writer Tynymbai Nurmaganbetov «Death of Angels» was also carried out.

The work «Zhanzhaza» analyzes as some elements of spiritual censorship prohibiting humanity, the ban on reading the Bible to patients in a psychiatric hospital, godlessness expressed under the images of Lear and Alexander the Great, the activity of the plots of the cult of personality, in the work «Death of Angels» the personal intention and creative skill of the author, revealing the appearance of modernity in the form of fraud, are analyzed, deception, the troubles of society, going through a crisis, female inequality.

Keywords: post-colonization, dream, storyline, leitmotif, Sultan Raev, myth.

Г.М. Ахметова

*Младший научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауезова
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: gulnar_akhmetova_93@mail.ru*

Функция фольклорных понятий в романах С. Раева «Жанжаза» и Т. Нурмаганбетова «Смерть ангелов»

Аннотация. В статье автор рассмотрел особенности использования фольклорных мотивов и образов, которые послужили художественным методом в изображении проявления постколонизации в казахско-киргизской литературе, написанной в период после обретения независимости. Были приведены научные доказательства негативного влияния колонизации со стороны России на культуру и политико-социальное положение, традиции, религиозные обычаи народов Центральной Азии, проведено исследование в литературоведческом аспекте. Было установлено, что писатели использовали такие мотивы, как проклятие, ворона, змея, призрак, ведьма, возмездие, завораживание змеей, сопротивление Богу, поиск Святой Земли, скорбь по священному дереву, в поисках решения насущных проблем общества, в целях идеализации главного героя. Также был проведен сравнительно-типологический анализ значения и аллегорического характера символики змея в романах кыргызского писателя Султана Раева «Жанжаза» и казахского писателя Тынымбая Нурмаганбетова «Смерть ангелов».

В произведении «Жанжаза» анализируются как некоторые элементы духовной цензуры, запрещающей человечеству, запрет на чтение Библии больным в психиатрической больнице, безбожность, выраженная под образами Лира и Александра Македонского, деятельность сюжетов культа личности, в произведении же «Смерть ангелов» проанализированы личная интенция и творческое мастерство автора, раскрывающего облик современности в виде мошенничества, обмана, беды общества, переживающий кризис, женское неравенство.

Ключевые слова: постколонизация, сновидение, сюжетная линия, лейтмотив, Султан Раев, миф.

Кіріспе

Қазақ-қырғыз әдебиетінің дамуында елеулі орынға ие тақырыптардың бірі – отаршылдық дискурсы. Отарлау дегеніміз – күшті империялар мен державалардың, қарапайым халықты белгілі бір саяси жүйенің ыркына көндіріп, қатты және жұмсақ күш қолдану арқылы бағындыруы және отарланған елдің (елдердің) территориясын, ұлттық ділі мен дәстүрін, ұлттық құндылықтарын өз меншігі деп есептеуі. Батыс Еуропа мен Шығыс арасындағы отаршылдық тарихы мен саяси стратегиялары Э. Саидтың «Ориентализм» еңбегінде кеңірек түсіндірілген болатын. Э. Саид ориентализм ұғымына «Шығыс және оның өркениеті, халықтары мен оған тән сипаттары болып табылатын түсіндіру мектебі» [1, 173-б.] деп түсінік береді. Батыс Шығысқа, соның ішінде Африка, Үнді, Сауд Арабия мемлекеттеріне нәсілдік кемсіту, гендерлік теңсіздік, тіл басқару жүйесінің әлсіздігі, діни ахуалының төмендігі себепті отаршылдық саяси үстемдігін танытса, Ресей империясы ұстанған озбыр саясаты арқылы 1991 жылға дейін құрамындағы он бес республиканың ұлттық бірегейлігіне тән материалдық және рухани-бейматериалдық құндылықтарын түбірімен жойып жіберуді көздеді. Публицист Қайрат Бекеннің «Қазақия қалай отарланды?» еңбегінде Ресей империясының отаршылдық стратегиясы төмендегідей баяндалған:

- шекарасын кеңейту және территориялық басқару жүйесін енгізу;
- әскери бекіністер салу арқылы байтақ жерін иемденіп, ішкі-сыртқы қазба-байлықтарына қол жеткізу;
- салық түрін көбейтіп, оны жүзеге асыруды міндеттеу барысында халықтардың әлеуметтік-экономикалық жүйесін әлсірету;
- әдет-ғұрып заңнамаларына өзгерістер енгізе отырып, діни сауатын теріс бағытқа бұру;
- хандық сайлауды халыққа бермей, өздері шешім қабылдап, қазақтың әуел бастан келе жатқан хандық билігін жою нәтижесінде патша қолайына жағатын тұлғаларды билікке әкелу;
- ислам дінінің рәсімдеріне шек қою арқылы христиан дінін қабылдауға үгіттеу және шоқындыру;
- қазақ жеріне шіркеулер салу арқылы схолостика ілімдеріне қазақ жастарын тарту мақсаттары негізінде Ресей патшалығы өз миссиясын жымсысқы түрде жүзеге асырды деуге болады [2, 197–208-бб.].

Ал біздің зерттеу мақсатымыз – қырғыз жазушысы Сұлтан Раев пен қазақ қаламгері Тынымбай Нұрмағанбетов романдары арқылы мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ-қырғыз әдеби үдерісіндегі әдеби-поэтикалық эксперименттер қолданысын салыстырмалы түрде көрсету және постотаршылдық көрінісін айқындау. Постотаршылдық ұғымының анықтамасын тарихшы С. Горшенина «Орта Азиядағы шығыстану, постотаршылдық және отарсыздандыру аясы: теориялық өзектілігі мен қолданысы» зерттеуінде «Постотаршылдық – отаршылдық тәртіп ресми түрде аяқталғаннан кейінгі отаршылдықтың интеллектуалдық, идеологиялық және мәдени салдары» [3, 178-б.] – деп тұжырымдайды.

Орталық Азия елдерінің тәуелсіздігімен қатар ұлттық сөз өнері әлемінде сөз бен ой еркіндігі қалыптасты. Қырғыз-қызық әдебиетінде ақын-жазушылар бұрын-соңды саясаттың ықпалынан шыға алмай, жабық күйде келген тақырыптарға қайта оралып, әлеуметтік-саяси, қоғамдық проблемаларды миф, аңыз, ертегі сынды фольклорлық прозаның кейбір элементтері арқылы ашуға тырысты. Қырғыз республикасының классик жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет», «Найман ана», «Ақ кеме» шығармаларынан бастау алатын мифологемалық формалар арқылы адам трагедиясына үңілу, кейіпкерінің ішкі психологиясының толқынысын көрсету дәстүрінің жаңа үлгісін Сұлтан Раевтың «Жанжаза» романындағы көркемдік-пәлсапалық баяндауларынан байқауға болады. Ал қазақ әдебиетіндегі тотемдік кие саналатын бөрінің үздік образы мен тағылығын танытатын шығарма Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі болса, сонымен қатар Оралхан Бөкейдің

«Қасқыр ұлыған түнде» туындысындағы бөрілік сипат мүлде өзгеше. Қазіргі қазақ жазушысы Т. Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі» романында тотем түрлері қоғамдық-әлеуметтік проблемаларды бейнелеу амалы ретінде қолданыс тапқан. Ерекше атау берген туындысында қаламгер ағаш пен жылан тотемінің символикалық саяси маңызына ден қойып, қазіргі қоғамдағы азғындық, алаяқтық әрекеттерін баяндап, адамның рухани дағдарысын көрсету жағына жіті мән берген.

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ-қырғыз әдебиетінің көкжиегі кеңейіп, постотаршылдықтың белгілерін жан-жақты сипаттайтын туындылар қатары артты деуге болады. Қырғыз прозасындағы К. Акматовтың «Архат», Т. Касымбековтың «Қырғын», С. Гавай «Скифтың қарғысы», М. Сабыровтың «Ант», С. Раевтың «Жанжаза» шығармаларында жазушылар мифтік, аңыздық желілерді постотаршылдықтың белгілерін айқындауда жеке позициясын білдірудің әдісі деп есептесе, қазақтың көркемсөз иелері С. Елубайдың «Ақбоз үй», Т. Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі», «Мешкей», Б. Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т. Әсемқұловтың «Талтүс», Д. Рамазанның «Көш», «Ақсақал мен жылан», А. Алтайдың «Туажат», «Кентавр», Ә. Ыбырайымұлының «Кек пен серт», Е. Айдабосынның «Қарғыс» сынды көркем туындыларында да түркі халықтарына ортақ фольклорлық ұғымдар мен элементтердің трансформацияланған жаңа формадағы үлгісін әлеуметтік-саяси идеологиялық идеяларының мақсатын айқындауда септігін тигізетін көркемдік деталь санағанын байқауға болады. Осы тұста зерттеу нысанына алынған «Жанжаза» романын талдамастан бұрын оқырмандарға қырғыз жазушысы Сұлтан Раев шығармашылығы жөнінде қысқаша баяндап өткіміз келеді. Қазақстан мен Қырғыз Республикасының тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетінде әртүрлі әдеби бағыт-бағдарлар мен эксперименттік-поэтикалық тенденциялар қалыптастырған жазушылар есімі оқырмандар мен зерттеушілерге белгілі.

С. Раев – әлемге танымал жазушы Шыңғыс Айтматовтан кейін бүгінгі қырғыз елінің кеңістігінен шығып, Орталық Азия қаламгері ретінде есімі жиі аталатын жазушы, ақын, драматург. Бұл қаламгердің «Жанжаза», «Топан» романдарымен қатар, «Антистандарт» өлеңдер жинағы жарық көрген. Сонымен қатар, драмалық туындылары да әлемдік театрларда сахналанып келеді. С. Раевтың «Жанжаза» романы қазақ тіліне аударылған (аударған: Кәдірбек Құныпияұлы).

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу жұмысының материалы ретінде қырғыз жазушысы Сұлтан Раевтың «Жанжаза» және Тынымбай Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі» туындыларын талдау үшін постотаршылдықтың салдарын миф пен фольклорды байланыстыра отырып, зерттеген келесі шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері негізге алынды. Атап айтқанда, Ю. Рерихтің «Ориентализмнің гүлденуі», Р. Генонның «Ислам өркениетінің Еуропаға тигізген әсері», Э. Саидтың «Ориентализм», С. Горшенинаның «Орта Азиядағы шығыстану, постотаршылдық және отарсыздандыру аясы: теориялық өзектілігі мен қолданысы», М. Мырзахметовтің «Қазақ қалай орыстандырылды?», Б. Қайратұлының «Қазақия қалай отарланды?», А. Айталының «Ұлттану» сынды зерттемелері таза постотаршылдықтың көрінісін айқындаса, Дж. Фрэзердің «Алтын бұтақ», К. Леви-Стростың «Мифология: Человек голый», Д. Норманның «Мифологиядағы символизм», Б. Кебекованың «Қырғыз-қазақ фольклорының байланысы», «Қырғыз әдебиетінің тарихы», А. Акматалиевтің «Қазіргі қырғыз әдебиеті», «Түркі халықтарының фольклоры», С. Қасқабасовтың «Қазақ фольклорының тарихылығы», Ә. Марғұланның «Ежелгі жыр, аңыздар», Ж. Аймұхамбеттің «Миф. Мифология. Мифопоэтика», Р. Әлмұханованың «Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар», Б. Қанарбаеваның «Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі», Ә. Төлеубаевтың «Қазақ халқының табиғат мінәжаты және емдеу магиясы», «Қазіргі әдебиет және фольклор» атты еңбектері фольклористика ғылымының теориялық-методологиялық шеңберін қамтыған құнды дереккөз ретінде пайдаланылды.

С. Раевтың «Жанжаза» және Т. Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі» көркем туындыларындағы постотаршылдықтың салдарын көрсету мақсатында салыстырмалы-типологиялық, семиотикалық, антропологиялық көркемдік әдістер қолданылды. Зерттеу барысында салыстырмалы типологиялық әдіс екі автор туындыларындағы фольклорлық ұғымдардың мифтік, аңыздық құрылымдардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын саралауды жүзеге асыруға септесе, жылан, ағаш, қарға тотемдік образдарының мәні мен қызметін айқындауда семиотикалық әдіс белсенді қызмет атқарады. Ал адам табиғатының иррационалды, эстетикалық болмысын, көркемдік карикатурасын ашу процесі антропологиялық әдіс негізінде жүзеге асырылды. Мақалада С. Раевтың «Жанжаза» және Т. Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі» романдарындағы фольклорлық ұғымдардың поэтикалық қырын ғана айқындауға тырысамыз.

Талдау мен нәтижелер

Қырғыз жазушысы С. Раевтың «Жанжаза» романындағы қарға образы – қарғыстың, жылан бейнесі – сұм ажалдың, жеті саны – мәңгілік өмірдің нышаны ретінде қолданыс тапқан. Туындыдағы жетеудің киелі мекен іздеу мотиві – Асанқайғының жерұйықты іздеу мотивімен сәйкес келсе, жетеудің бос табыттарды көріп шошынуын – Қорқыттың қазылған көрін көріп қашуымен, мәңгілік өмірді арман етуімен байланыстыруға болады. Автордың басты идеясы – әйел адамын нәпсіқұмарлықтың құлына айналдырмау, адам баласына қиянат жасамау, әруақтың киесін жерге таптамау сынды көркем сюжеттердің негізінде жас ұрпақ бойына имани тәрбие қалыптастыру. Сондай-ақ автор қарғыс арқалаған адамның жанжасасы ауыр болатынын діни-философиялық көзқарастары негізінде ұғындыруды көздейді. Қарғыс түсінігіне «Қырғыз әдебиетінің тарихы» кітабының бірінші томында «Қарғыстың түп-төркіні аңыз-әңгімелер мен мифтік сюжеттерден бастау алады. Қарғыс – адамның күнделікті өмірінде орын алатын (жек көру, кек алу, іш күй) секілді психикалық күйлердің күшейген түрі» [4, 304-б.] – деген түсінік берілген.

Т. Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі» туындысындағы Сәмбі ағашын Алдиярдың жалғыздығын бейнелейтін символдық көркем бірлік деуге болады. Жазушы жылан персонажы арқылы қазақ басына төніп тұрған қатерді тұспалдап, сақтандырған. Шығарма ішіндегі Сағынжанның өлген әкесінің зейнетақысын жыл бойы алуы, Тоқашбайдың түнде бензин ұрлау, туған жиендерінің Алдияр нағашысының малын ұрлап сату сынды алаяқтық әрекеттер постотаршылдықтан кейінгі қазақ халқының ауыр трагедиялық күйінен хабар беретін реалистік сюжеттер болып саналады.

Орталық Азия әдебиетіндегі шоқтығы биік, форма мен мазмұны жөнінен ерекшеленіп тұратын туындылардың қатарына С. Раевтың «Жанжаза» романы кіретінін жоғарыда атап өттік. Шығармада қырғыз елінің постотаршылдықтан кейінгі ахуалымен қоса, өлім мен өмірдің күресі, адамның ажалдан қашуы, құдайға қарсылық, жыланмен арбасу, жыланға табыну культі, бақсылық, аластау, әруақ, қарғыс, түс жору, ажалдың жылан кейпінде келуі, айдың тұтылуы, қайтыс болған адам жанының басқа тіршілік иесіне ауысуы, киелі жерді іздеу сынды фольклорлық ұғымдар мен мифтік желілер егжей-тегжейлі баяндалған.

Жындыханадан қашып шыққан жетеудің тағдыры шым-шытырық түс секілді суреттелген. С. Раевтың кейіпкерлер санын жетеу деп алуының да сандық-символдық мәні жоғары. Жеті саны дінде де, дәстүрде де ерекше сакральды сипатқа ие. Ал «Жанжаза» романындағы кейіпкерлер санының жетеу болуының себептерін ойша саралайтын болсақ:

1) әлем халықтарында жеті саны – мәңгілік өмірдің нышаны саналған, ал шығармадағы жеті кейіпкер де өлімнен қашып, мәңгілік өмір сүретін жұмақ мекен іздеушілер болғандығынан көрінеді;

2) тозақтың жеті қақпасы бар болса, жеті кейіпкер жұмақ мекен іздеп жүріп, тозақтың бір қақпасының есігін ашқанын байқамай қалады. Себебі, тозақтың қарауылы болған қара

шұбар жылан кезбе жетеудің алдынан қайта-қайта шығып, істеген күнәсі үшін жан жазасын береді, тозақтың қақпасы осы жылан пайда болған жерден бастау алған;

3) тозаққа апарар жеті күнәнің бірі – нәпсіқұмарлық. Аталған жеті кейіпкер де осы нәпсіқұмарлығы үшін жан азабын тартады;

4) адамның жаратылысындағы ең негізгі жетінші сатысы – жан ұғымы. «Жанжаза» туындысында да адамның жаны туралы философиялық ұғымдарды қамтығандықтан кейіпкерлер санын жетеу деп алған болуы мүмкін.

Автордың суреттеуіндегі «жындыхана» → пәни дүние, ал осы өмірде жасаған күнәлары үшін азапталған жерді (құмды, шөлді аймақты немесе «өлім аңғарын») → «о дүние», жетеудің іздеп шыққан киелі жерін (Эдем бағы) → «жұмақ» деп түсіндіруге болады. Сондай-ақ, мәдениеттанушы Мұрат Әуезов: «Жанжаза» романы жүйелілік тұрғыдан өзгеше. Автор бөгде кеңістіктен Жер әлемде өмір сүруші адам табиғатына, болмысына жаңаша көзбен барлау жасаған. Түрлі халықтардың философиясы мен тарихы, уақыт кеңістігі магиялық реализммен ұштасқан. С. Раевтың поэтикасында М. Әуезов пен Ш. Айтматовтың қолтаңбасының ізі бар. Романдағы кейбір сюжеттер атақты қырғыз фольклорындағы «Манас» эпосымен үндес» [5, 69-б.] – деп пікір білдіреді.

«Жанжаза» романында Қасиетті мекенді – Жұмақ жерді бірге табуға аттанған Шыңғысхан, Ескендір Зұлқарнайын, Таис Афинская, Лир, Император, Клеопатра және Қозышақ есімді жеті кейіпкер образы кескінделген. Жеті кейіпкер жындыханадан қашып шығады. Жазушы мұнда жеті кейіпкер есімдерін бірнеше тарих кезеңдерінен бері белгілі атақты әмірші, император, драмалық туынды кейіпкері (Шекспирдің «Лир патша» трагедиясы бойынша) және Иса пайғамбардың прототиптеріне негіздеп сомдаған. Автордың ойынша, өздері өмір сүрген тарихи дәуірлерде Жаратушының бұйрықтарына қарсы келген, өздерін Құдай жариялаған және халыққа зұлымдық көрсетіп, жеке нәпсісінің құлына айналған белгілі тұлғалар күнәларынан өлім құшса да құтыла алмайды. Олардың Құдай алдындағы күнәсі кейінгі ұрпақтарына өтіп (романда отыз үшінші және қырқыншы ұрпақтары азап тартатын оқиғалар берілген), жан жазасын алады. Күнәһарлардың жан жазасын жылан уын шашып, шағып өлтіреді. Төменде кейіпкерлерге қысқаша сипаттама беріп, басты мақсатымыз болған фольклорлық ұғымдарға талдау жасаймыз.

Жеті кейіпкердің бірі – жындыханадан қашып шыққан алты серігіне жол бастаушы әрі киелі кітапты оқып, жынданған император. Автор Қасиетті кітапты оған жындыханада жазушы образында бейнеленген киелі адам-жазушы береді. Император жындыханада «Тәңірдің келетін күні» жазылған Қасиетті кітаптың мұқабасы мен бір бетін сақтап қалады. Қасиетті жерге жетіп, күнәларынан арылғысы келген Император шөлді жерде қаза табады және өлердің алдында Қасиетті жер – бейіш мекені өмірдің шындығын түсініп, адам жүрегін таза ұстауға ұмтылған күннен басталатынын ұғынады. Туындыда бірінші деңгейлі мәтін ретінде қолданылған Қасиетті кітап – қатыгездік пен ашкөздік жайлаған қоғамға жіберілген Жаратушының ескертпесі, қараңғылық қаптаған тасбауыр адамдар жүрегіне иман нұрын төгетін жазба. Киелі кітаптың сөзін ұғып, мәнін түсінетін де осы кейіпкер болатын.

Императордың жастығының астынан табылған киелі кітапты жындыхана қызметкерлері ақыры қолға түсіреді. Киелі кітаптың киелілік сипаты жындыхана қызметкерлері мен тұрғындары өртеп жібергеннен кейін жойылады. Өлімі жыланнан болатынын білген император қара жыланнан қашып шөлге тап болды. Бірақ сол қара жылан жолын бөгеп, соңында императорды ажал құштырады. Таратып айтар болсақ, императордың қыр соңынан қалмай қойған қара жылан ит өлімнің, тажалдың белгісі болып шығады. Императордың өлімнен қашып, шөлді аймаққа бой тасалауы Қорқыттың өлімнен қашу сарынын еске салады. Дәл шөлдің ортасына барып жан берген император өлімі – Қорқыттың Сырдың орта тұсына барып, ұйықтап кеткен кезде жылан шағып, қайтыс болған сәтімен сәйкес келеді.

Осы императормен алғаш рет естен кетпес түнді өткізген жезөкшенің кейпіндегі екінші кейіпкер – Таис Афинская. Бұл есімді оған кейіпкер-жазушы қойып еді. Киелі кітапқа кейіпкер-жазушыдан кейінгі қол жеткізген адам осы еді, бірақ таза жолмен жүрмей, азғындыққа ұшыраған әйел тән құмарлығының рахатына бөленемін деп Қасиетті кітаптан қол үзіп қалады. Дегенмен әйелге бұл кітап өткен өмірінде жасаған күнәларын есіне түсіріп, бір сәт Жаратушы алдында басын июіне мүмкіндік берді. Әйел кітаптың алғашқы бетін парақтай бергенде теміржолға тастамақ болған көңілдесінің сәбиі мен әруақ-әйелі, көңілдесінің жүрегі ұстап қайтыс болған кезі елестейді. Жазушы-кейіпкер осындай ойлар келерін біліп, кітапты әйелдің төсегінің астына әдейі қойып кеткен болатын. Жазушы атынан берілген мына бір үзік ойлар әйел портретіне реңк беріп, оның сипатына айрықша назар аудартады. «Сені Таис Афинская дегенімнің себебі, ол саған ұқсаған сұрқиялардың ханшайымы. Ұлы императордың ойнасы. Оның нәпсіқұмарлығының кесірінен жақсы дамыған бір қала түгел құрыған, шаһар өртеліп, күлі аспанға шашылған. Бір жезөкшенің кесірінен тұтас қала қираған! Ол сенің, сұрқиялардың ханшасының қылғаны! Сен де соған ұқсайсың!» [6, 29-б.]. Сондай-ақ император кітапты қасиет тұтып, елге үлгі етудің орнына, жезөкше әйелдің рахатына ауыстырғаны үшін жаны жыланға ауысып, азапталып жатты. Киелі кітаптың киесі ұрды.

Нәпсіқұмар және құдайға қарсы әрекет етушілердің үшіншісі – Лир. Театр сахнасында Лир патшаның рөлін сомдағандықтан, жындыханадағы лақап аты да солай берілген. Ол жастайынан театр сахнасында актер болып, қаншама сұлу қыз бен әйелдің обалына қалған күнәһар пенделердің бірі болып суреттелген. Лирдің болмысын сипаттағанда көзге түсер фольклорлық сарынның бірі – құдайға қарсылық немесе құдайсыздық ұғымы. Құдайға қарсылық сарыны ежелгі грек мифтерінде кездесетін Прометей бейнесі мен қазақ аңызының сәуегейі Қорқыт ата туралы жырлармен байланысты. Қорқыт жайлы аңыздардың көпшілігінде Құдайға қарсы келіп балағаттау, оған серік қосу сынды күнәлі әрекеттер кездеспегенімен, Алла тарапынан жіберілген ажалға мойынсынбастан күресуі, өзіне тиесілі қазылған көрден қашуы – Құдайға қарсылық ұғымын туындатады. Романда кейіпкер Лирдің құдайға қарсылығы мүлдем басқаша суреттеледі. Жазушы С. Раев У. Шекспирдің «Лир патша» туындысындағы Лир кейіпкердің монологын өзінің Лир деп аталатын кейіпкерінің образын ашу үшін қолданған. Мысалы, «Жанжаза» романында Лир монологында: «Құдай бар жерде мен жоқпын, мен бар жерде Құдай жоқ! – деп кеудесін соғып... Киелі кітапты сыпырғымен сыпырып, «Тозақ» парағын жыртып па еді?» [6, 29-б.] – деп өзін құдаймен теңестірген, ұлылығына шек келтірген. Лир патшадай өзін өктем ұстаған бұл кейіпкердің екі кешірілместей күнәсі болды. Біріншісі – Аллаға тіл тигізіп, бар-жоғына күмәнмен қарап, Киелі кітаптың тозақ туралы жазылған бетін жыртып, өз аяғымен таптауы, екіншісі – өмір гүлінің балын жиғандай әйелзатын тән нәпсісінің құлына айналдыруы. Лирдің бұл екі күнәсіне лайықтап берілген жазасы өз қызымен төсектес болғанын білмеуі еді. Қарғысқа ұшыраған шалдың кейінгі жазасы ләззат құмарын қандыратын тәнінің өліп қалуы, қасында жатқан өрімдей қызға қарап жатудың өзі азапты өліммен тең болған. Ал үшінші жазасы – ит өлім болатын. «Қазақтың этно-фольклорында ит өлім дегеніміз – ешқандай себеп-салдарсыз қаңғырып жүріп, елсіз-күйсіз жапан далада өліп, сүйегі ит пен құсқа жем болған адамдардың өлімін айтады» [7, 536-б.].

Осындай ит өлімнің зардабын тартқан төртінші кейіпкер – Ескендір Зұлқарнайын. Патшаның екі тараптан тұратын өмір жолын сипаттауда да автор постотаршылдықтың зауалын білдіретін «құдайсыздық» ұғымын көрсеткен. Діннің әлсіреген тұсында жүрегінен иман нұры қашқан, отаршылдықтан зардап шеккен халықтардың бейнесі оқырман көз алдына келуі мүмкін. Кеңес одағының құрамына енген он бес мемлекеттің ішінде Қырғыз Республикасы да бар еді. Кеңес одағы қоластында болғанда түркітөктес халықтарды ең алдымен дінінен, тілінен, рухынан айыру болатын. Зұлқарнайын мен Лир образдарындағы

құдайға қарсылық ұғымы грек мифологиясындағы кейіпкерлер өмірі мен орыс отарлауынан көз аспаған елдердің (қырғыз-қазақ) орыстану, шоқыну, жалғыз жаратушының барына күмәнмен қарап, орыстану саясатының шырмауынан шыға алмай, амалсыздан Құдайды жоққа шығарған жанайқайының көрінісі іспетті. Мәселен, романдағы Ескендір патша киелі кітап Авестаны өртеуге бұйрық беріп, жер шарында жалғыз жаратушы болса, ол – менмін! – деп тәкаппарлана жан ұшырған еді. Киелі кітапты қор етіп, парсы еліндегі қарапайым халықтың қанын аяусыз төккен патша өлімі де жазасына лайық болды. Осы аймаққа ашқан соғысында Ескендір парсы жеріндегі Гузастаның рухын оятып, оның қолындағы екі күміс оқ жыланды өзінің жанын алуына себепші етіп, кектендірген. Парсы жұрты үшін «Адам шайтан» атанған патша ақыры осы көзге көрінбес оқ жыланның бірінің уынан мерт болады. Түс ішінде орын алып жатқан сюжетте жолдасын өлтірген оқ жыланның бірі күнге әбден қақталған уын жинап келіп, патшаның жүрек тұсынан шағып алып, жанын алады. Ресей академигі П.И. Рычковтың экспедициялық зерттемесінде оқ жыланның адамға шиыршықталып, оқша атылатыны және оның өте кекшіл келетіні жазылған. Автор бұл жыланға кесапат қылған адамның жазасы тек өлім екендігін Ескендір образы арқылы тағы да растай түседі. Жүрек дүрсілі тоқтаған патша жүзіне қараған жылан, кегімді алдым деген сыңай танытып, ирелеңдеп бақ ішінен ғайып болған еді. Байышпен қарасақ, Құдайдың құдіретін мойындамаған екі кейіпкер де өз кінәсін біледі, сол кінәдан құтылуға қанша тырысса да, қарғыстың қарасы соңынан қалмай, екеуі азапты өлімге душар болды. Алланың берген жазасы – оларға күнәлі істердің орнын игі істерге алмастыруға мүмкіндік пен уақыт бермеуі болса керек.

Жылан Орталық Азия халықтарының әдеби мұрасында көбіне жағымсыз кейіпте көрініс беріп отырған. Автор жыланның тотемдік, киелілік сипатын санамалаудан гөрі оның жыртқыш, кекшіл, зұлым тіршілік иесі екендігін жеткізеді. Жылан символы қорқыныш пен ажал ұғымын білдіреді.

Бесінші кейіпкер – Шыңғысхан. Жазушының шексіз қиялының арқасында бұл кейіпкер тарихта әлемді жаулап алған әмірші есімімен белгілі болған Шыңғыс хан прототипіне негізделіп, Шыңғысхан аталады. Сонымен қатар, романдағы Шыңғысхан кейіпкер – әмірші Шыңғыс ханның қырқыншы ұрпағы ретінде таныстырылған (мақаламызда орфографиялық ережеге сәйкес, әмірші есімі Шыңғыс хан, ал романдағы кейіпкер есімі Шыңғысхан болып бірге жазылды). Романның «Шыңғысхан» бөлімінде алғашқы көзге түсетін фольклорлық образ – қарға. «Аспан бетін бермей ұшқан мың сан қарғаларды көрген... Олар қарқылдап ұшпай, құдды бейіт басынан кісі жерлеп келе жатқан адамдардың кейпіндей, құдды Шыңғысханның сансыз ұлы қолындай сұп-суық қалпында ұшып келе жатып, кенет кісі кейіптеніп: – Келе жатыр... келе жатыр... келе жатыр!.. – деп адамша дауыстап, қарқ-қарқ етісіп, аспан әлемін жауып кетті... Ұшқанда да жай ұшпай, Шыңғысханның үстіне саңғырықтарын сорғалатты... бір мезет өзін қарғалардың боғына көміліп қалғандай сезінді» [6, 29-б.]. Моңғол халқының түсінігінше, адамның түсінде қарға көруі жақсылықтың белгісі емес. Жазушы осы орайда, Шыңғыс хан тұңғұт халқын түп-тұқиянына дейін аяусыз қырғандықтан, тұңғұт қызының Шыңғыс ханнан кек алуын зарлы үнмен – қарқылдасқан қарғалар бейнесімен сипаттап, қайрат-жігері бар кезінде қолға түспей, өлімін күтіп жатқан ханның жау қолынан қаза табуын алдын ала осы түсі арқылы жеткізеді.

Фольклортанушы ғалым К. Леви-Стросс мифке қатысты зерттеу кітабында «Мифологияда қарға аспан мен жерді жақындастыратын дәнекерші қызметін атқарады, сондай-ақ, жерді қазып жатқан қарға образы оның өлілер патшалығымен байланыстылығын көрсетеді» [8, 213-б.] – деп пайымдайды.

Қазақта түс жорып, болашағын болжаушы функцияны арқалаған кейіпкерлер – бақсылар. «Күн мен Ай тұтылар күн бізге жақсылықтан хабар бермей тұр. Бақсы делбе болған адамнан бетер қол-аяғы қарысып, тамырлары адырайып кетті. Көлеңкеңнен ғана

емес, өлген өлігіңнен, жерге көмілген сүйегіңнен өш алатын күн келе жатыр... Киіз үйдің ортасындағы хан тағының жанында бақсы ұзынынан түсіп жатып қалды» [6, 29-б.]. Осы келтірілген үзіндідегі ханның болашағына болжам жасаған бақсы қимылы оның болжаушылық қырының реликтілік сипаттарын айқындайды. Дауысы қарлығып, басынан аяғына дейін қалтырап бара жатқан бақсы бейнесінің оғаш әрекеттері ғалым С.А. Токаревтің «Бақсы – ең алдымен күйгелек, ұстамасы бар, қалтырауық-қояншық ауруына ұшырағандар болып келеді» [9] – деп анықтаған сипаттарын еске оралтады. Бақсы функциясы ұлы қағанның психологиясын ашуға септігін тигізуші көркемдік құрал ретінде көрініс тапқан. Сонымен қоса, туындыдағы адамның жаны, аурудың себептері, өлім, өмір, өлмеудің жолын іздеу сынды түсініктер, бақсылық өнер мен Қорқыт дәстүрін бір-бірімен тығыз байланыстырушы көркемдік бірліктің негізгі бөлшегі ретінде танылған. Түркі әлеміне танымал аңыз кейіпкері Қорқыт сәуегейдің негізгі өмірлік позициясы өлмейтін әрекет іздеп, ажалдан сақтану болса, романдағы жеті кейіпкердің мақсаты да мәңгілік мекен іздеу, күнәларынан айығу. Ал бақсылардың миссиясы адамды ажалдан арашалау, өлімнен құтқару, өмірін ұзарту. Атап өтетін бір жайт, «Жетеу» деген бөлімдегі қара киімшең адамның (өлімнің) қолындағы алты бос табытты көздерімен көрген алты кейіпкердің өз табыттарынан шошыну сәтін «Қорқыттың көрі» аңызындағы өз көрінен қашқан қорқыттық сарынмен ұштастыруға болады. Бұл байланыстар бізге жазушының ежелгі түркілік рух пен ата-баба салған дәстүрді еске түсіргенін, шығарманың түпкі-төркіні фольклорлық архетип образдардан (Қорқыт ата) сусындаған деген пікірін анықтауға көмектеседі.

Адамның ішкі психологиясына терең үңілу барысында жылан, ағаш тотемдік ұғымдарын өз қолданысында көркемдеп, түрліше сипатта танытқан жазушы – Т. Нұрмағанбетов. Қаламгердің «Періштелердің өлімі» туындысын адамзаттың сана қалтарысындағы жұмбақ әлемнің сырын ашып, қоғам келбетінің сан түрлі даулы мәселелерінің шешімін табуға бағытталған әдеби-философиялық құнды еңбек деуге болады. Роман-хикаяттың алғашқы бөлімі «Жыланның уында» қазақ басына түскен отаршылдық салдары мына оқиғалардан көрініс берген:

- бір жыл бұрын өлген әкесінің зейнетақысын Сағынжанның алып жүруі;
- әкесінің жылын жағдайының төмендігінен кешіктіруі;
- аңғал адамдардың ақшаның жеткіліксіздігінен қара мұртты адамдардың құрығына түсіп, мерт болуы;
- ақшаның тапшылығы мен күнкөрістің нашарлығынан ауыл жастарының қалаға ағылуы (Ералы, Байшұбар, Шертай) сынды оқиғалар тәуелсіздік тұсындағы отарланушы елдің (қазақтың) хал-ахуалының, ауыр тұрмысының көрінісінен хабар береді.

Жазушы заман келбетін, адам бойындағы зұлымдық, тойымсыздық, алаяқтық қасиеттердің тым көбейгендігін жылан персонажы арқылы жеткізген. Сексеуілмен өрілген құдық түбіндегі ордалы жыландар ұйығына таланған Ералы мен Шертай бейнесі – қазіргі уақыттағы алаяқ кәсіп өкілдеріне алданған аңғал халықтың тағдырын, мүшкіл халін тұспалдайды.

Үнді, Африка, Мысыр елдерінде тотемдік мәртебеге лайық болған жылан түркілер танымындағы аңыз-әңгімелерде жағымсыз кейіпте көрініс табады. Қазіргі қазақ әдебиетінде емшіліктің, адам бойында кезігетін зымиян әрекеттердің, ажалдың, қорқыныш пен үрейдің символын білдіреді. Т. Нұрмағанбетовтың пайымдауындағы жыландар да қазаққа төнген қара бұлт сипатында интерпретацияланған. Қапыда қаза тапқан кейіпкерлер тағдырымен танысқанда оқырмандар қазақтың ұлттық болмысын, қоңыр мінезін, дәстүр-танымын жоғалтқандай күй кешуі мүмкін. Жазушы кейіпкерлер психологиясын шынайы және әсерлі баяндаған. Оқырманды сол шындыққа сендірген. Оқырман ретінде біз кейіпкерлердің тағдырына алаңдап, шығарманың соңын асыға күтсек, жазушы бұл кейіпкерлерді қазақтың прототипі етіп ала отырып, бүкіл қазақтың болашағына алаңдаулы екенін сездіреді. Қазаққа

төнер қараңғылық пен апаттан қорқады, сескенеді. Сондай-ақ, қара мұртты Ахмет образымен қазақтың өз ішінен шыққан сатқындар мен жауыздардың барын ескертеді. Осындай Ахмет секілді алаяқтар мен қатігездердің құрбанына айналмау үшін жас ұрпақтың болашағына үмітпен қарап, оларға сапалы білім мен түзу тәрбие беруді нұсқайды.

Қазақ халқының ағашты тотем деп есептеуінде үлкен мән бар. Онда әруақтардың рухы ұялайды деген көне сенім қалыптасқан. Киелі ағаштарға ақ шүберек байлап, тілек тілеу әдісі осындай анимистік көзқарастан кейін пайда болған. Қазақтардағы осы сенімнің кейбір сарқыншақтары дүниежүзі халықтарының кейбірінің фольклорында, салт-санасында кездеседі. «Қытайдың ежелгі сенімі бойынша қайтыс болған адамның рухына күш беріп, оның денесін ыдыраудан сақтап қалу мақсатында бейітінің басына ағаш отырғызатын болған. Корейлердің жоралғыларында жолда немесе босану үстінде марқұм болған адамның жаны да ағаштарға қонады, ол ағашты кие санап, кесуге тыйым салған деген рәсім орныққан» [10, 136-б.]. Жалпы ағаш жайлы айтылған көптеген сенімдер әлем халықтарына ортақ болып келеді. Бұл рәсім-жоралғылардың түп-төркіні «адам ағаштан жаралған» деген мифтік көне түсініктің жемісі екендігін айғақтайды. Көненің көзі деп таныған фетишистік сенімдер ағашты кие тұту, жапанда жалғыз өскен ағашты кеспеу, жаңа туған нәрестелерді жас шыбыққа теңеп, ағашты тіршілік көзіне балау сынды танымдар қазіргі халықтардың дүниетанымында ұшырасып отырады. Ағаш жайлы тылсым түсініктер романның «Сәмбі талының мұңы» бөлімінде де ұшырасады.

Бұл бөлімдегі Алдияр ақсақалдың жер бетіндегі жалғыз сырласы – сәмбі ағашы. Ағашқа мұңын шағу мотиві шығарманың мифтік сипатын тереңдете түседі. «Алдияр әсем таралған қыздың қолаң бұрымындай бір шеті дарияның лайсаң суына төгіліп тұрған сәмбі талға перзентіне отыз-қырық жылдан соң зарығып жолыққан әке-шешедей елбіреп-желбіреп, алып ұшқан көңілімен үздіге қарап тұрып, жанын жегідей жеген өлу ниетінен де айнығандай» [11, 226-б.]. Сондай-ақ автор мифтік санаға тән анимизмді түрліше құбылтып, кейіпкер психологиясын ашуда өзіндік тың көркемдік тәсілге айналдырған. Тау сәмбісінің сыр топырағына бейімделіп, тоғайдың өзге ағаштарынан сұлулығымен, нәзіктігімен бөлектеніп тұруының өзі Алдиярға жалғыз қызы Бибітайының әсем бейнесін елестетті. Оның шашын өрген қыздай жайқалып өскен бұтақтарын көрген кездегі таңданысы басқаша болды, талдың қасиеті мен киесіне қайран қалды. Сосын балаша мез-мейрам болып тұрған шалдың жүзі кенет суыды. «Құдайым-ау, мынау сәмбі тал емес, жылап отырған әйел ғой...», «Құдайым-ау, тауда ғана өсетін сәмбі талдың бұтағына неге сонша қызықтым десем, Ұзынарықтың өңшең жылап отырған, болашақта да жылайтын бақытсыз әйелдеріне ескерткіш іздеген екем-ау» [11, 225-б.] – деп кейіген шалдың монологындағы сәтті теңеу жасалғанын, яғни әйел мен ағаш бірлесімін байқауға болады. Табиғат құбылысын жанды кейіпкер түрінде суреттеуді ғалым Ж. Аймұхамбет «Миф. Мифология. Мифопоэтика» еңбегінде «Табиғаттағы құбылыстардың адамға тән көңіл-күй, іс-әрекетпен көрінуі (жылау, ала жөнелу, мүлгу, ұйықтау) көне мифтік тұрғыдан келгенде, барлық құбылыс пен заттардың рухы, жаны бар деген сенімнен туындаған шындық, көркемдік ойлау тұрғысынан келгенде мифтік танымға сүйене отырып, табиғат суретін бейнелеп беру, яғни, бейнелеу, кейіптеу тәсілі» [12, 90-б.] – деп қарастырған. Алдияр образы дәл осы сюжеттерден ежелгі әулие ағашты тотем санаған қазақтың байырғы өкілдерінің соңғы тұяғы секілді көрінді. Жазушы қазақтың жоғалған фольклорлық дәстүр танымы мен мейірбан, жасқа үлгі боларлықтай қазақы қазыналы қарттардың ізін жоқтағандығын байқатады.

Романның екінші бөліміндегі отаршылдық салдарын көрсететін сюжеттерді төмендегідей көрсетуге болады:

– кейіпкерлер есімдерінің орысша берілуі: Жеткергеннің – Женя, Пірқожаның – Пижо, Зияданың – Зина атануы; туындыдағы Алдияр мен Зияданың диалогынан бүгінгі қазақ тілінің қолданылу аясының төмен деңгейін байқауға болады. «Зиядажан, тым болмаса

оңашада қазақша сөйлеші, – дейді Алдияр жұмсақ үнмен. Қыз бұртың етіп теріс айналады да, сосын қайта бұрылып: – Я не Зиядажан... Еше жан-н... Я Зина и все» [11, 185-б.]. Бұл үзіндідегі қазақы есімінен намыстанған, қымсынған жастардың типтенген бейнесін аңғару қиын емес. Жазушы ең алдымен кеңес кезеңінде қазақ жерінде орыс мектептерінің көптеп салынғанына, жастар бойындағы патриоттық сезімнің, қазақшылық бояудың жоғалғандығына қынжылып, орыстанған мектептерде оқыған жастардың бойындағы ұлттық рухтың жойылуы да осы отаршылықтың қазаққа берген зауалының көрінісі дегенді астарлы түрде ұғындыруды көздеген. Осы тұста ғалым Р. Оразов «Патша өкіметі қазақ даласын толықтай жаулап алғаннан кейін, отар аймақты өркениетті елдерге тән ағартушылық, ізгілік міндеттерді емес, халыққа білім беріп, оның қоғамдық санасын, мәдениетін көтеру емес, қайта оларды өзінің қасиетті ана тілінен, ғасырлар бойы ұстанған дінінен, әдет-ғұрпынан айыруды мақсат тұтты» [13, 29-б.] – деп ғылыми негізде тұжырым жасайды.

– тұрмысы төмен отбасылардың бала-шағасының жұмыссыздықтың кесірінен қарақшылық әрекеттерге бой ұруы; Алдиярдың жалғыз қызынан туған жиені Жеткергеннің өз нағашысының екі сиырын, өзге туыстарының ұсақ-түйек ірі-қарасы мен тауықтарын ұрлап сатуы; Осындай кейіпкерлердің қисынсыз әрекеттері арқылы былыққа батқан ауыл тұрмысының жай-жапсарымен, адамзат санасын күштеп басқару нәтижесінде жеке адамның моральдық құлдырауын, рухани жұтаңдану, ежелгі ұлттық болмыстан қол үзіп қалу секілді саяси мәселелердің шешімін табуға ұмтылған [14, 13-б.].

– жастар арасында білімсіздік белгілерінің көрінуі. Орыс мектебінің куәлігіне қиындықпен қол жеткізген Зияданың тілінің шала орыстанып, ғылым-білімге ынта-ықыласының болмауы, Жеткергеннің де адал еңбекпен нан табудан қашып, Пірқожамен бірігіп, нәпақаны оңай жолмен табатын қарақшылықты, бауқеспелікті кәсіп етуі сынды көріністердің барлығы қазіргі қоғамдағы кейбір ер-азаматтардың әлсіз тұсын байқатады.

Т. Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі» роман-хикаятында тоғышарлық пен бойкүйездік, рухани сананың мәңгүрттенуі, жемқорлық жайлаған адами қоғамның дағдарысқа түскен келбеті айқын аңғарылады. Жазушы Жеткерген, Пірқожа, Барақбай образдары арқылы бүгінгі қоғамның әлеуметтік астарын әшкерелеп, жаңа заманғы дертті абсурдтық деңгейге көтереді. Сонымен қоса, тотемдік ұғымдардың мәніне аса қырағылықпен назар салып, жақсылық пен жамандық арасындағы бітіспес күрестің түп-тамырына үңілгендігін байқауға болады.

Қорытынды

Екі туындыда поэтикалық қызмет атқарған мифологиялық, сакральды ұғымдар мен бейнелер ретінде жылан, жан, ағаш образдары айқындалды. С. Раевтың «Жанжасасында» адам қайтыс болғанымен, оның жаны өлмейді, тек басқа тіршілік иесіне, яғни, жыланға беріледі деген анимистік көне сенім көріністері байқалды. Қазақтың байырғы наным-сенімдерінде жылан бірде даналықтың, бірде кекшілдіктің символы ретінде қызмет атқарған. Романдағы қара шұбар жылан мен оқ жыланның да негізгі символы өшпенділік пен ажалдың көрінісін тұспалдайды. Сондай-ақ, осы жыланға байланысты туындаған халықтық ілкі сенімдерді ғалым Б. Қанарбаева мынадай үш кезеңге бөліп қарастырады. «Біріншісі – тотемдік, екіншісі – магиялық (арбаушылық), үшіншісі – космогониялық» [15, 87-б.]. С. Раевтың туындысында да жыланның тотемдік қырынан гөрі оның арбаушылық, зымияндық қасиеттері туралы баяндалған. Ал Т. Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі» роман-хикаятында жыланның уы арқылы баюдың жолдары айтылған. Яғни, жылан бейнесі қазіргі қоғамдағы кәсіп көзі, адамзатты өз-өзіне қол жұмсауға жеткізетін алапат күш ретінде сипатталған. Өлгісі келген адам жылан уын сатып алады да, жеңіл өлімге қол жеткізеді. Қаламгер мұндай кәсіп көзі қазіргі таңдағы жастар арасында орын алып жатқан суицидтің көбеюіне жол ашатынын интерпретациялайды. Оқырманды Құдайға қарсы әрекетке барудан сақтандырады.

Жалпы адамның қайтыс болуы, о дүние, өлікті жерлеудегі рәсім-жоралғылар рух, жан туралы көзқарастан туындаған діни сеніммен астасып жатыр. «Жанжаза» шығармасында тірі адамның осы дүниедегі орны мен іс-әрекеті оның өлгеннен кейінгі рухының жағдайын көрсететін белгі ретінде түсіндіріледі. Туындыгер күнәлі әрекетке көп барып, қарғыс арқалаған адамның жаны қорқыныштың, өлімнің символына айналған зұлым күш иесі жыланға айналатынын баяндайды. «Періштелердің өлімінде» жанның түсіндірмесі осыған ұқсас позицияда кескінделеді. «Көпшілік бас қосқан жерлерде сөзшендер бұл дүниенің жайын бітіріп, о дүниенің қамын әңгімелеп кететін тұстарда «адам жаны өлмейді екен, ол жан адамға, әлде мақұлыққа беріледі екен» дегенді Алдияр да әлденеше рет естіген. Ал менің шыбын жаным сол итке берілсе екен» [11, 229-б.]. Мұндағы негізгі ой – адам жалған дүниеде қандай болса, оның жаны да соған ұқсаған жануарға беріледі деген болжам. Алдияр өмірде де ит секілді ешкіммен шаруасы жоқ момын адам еді. Жан туралы осындай экзотерикалық ойлар авторлардың ойын бір арнаға тоғыстыратындығына көз жеткізілді.

Т. Нұрмағанбетовтың «Періштелердің өлімі» туындысында ағашты тотем ретінде танытып, оның бойына киелілік сипат дарытады. Жалғыздық пен бақытсыз әйелдің символына айналған сәмбі талдың функциясы әулие ағаш, киелі бәйтерек болмыстарымен теңескен. Шығармада ағаш бейнесі өзекті атрибут саналған кейіпкердің жан-сырын ақтаратын жанды сырласына айналған. Ағашқа қатысты айтылған «шашын өрген қыздай», «мың тарам шаштай», «жылап отырған әйелдей» деген тың теңеулер тек Т. Нұрмағанбетовтың дара стилін танытатын көркемдік бірлік ретінде танылған. «Жанжаза» мен «Періштелердің өлімі» көркем туындыларында фольклорлық бейнелер мен ұғымдар, мотивтер автордың шеберлігін ұштау мақсатында астарлы, тұспалды көркемдік деталь, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде ұтымды тәсіл, қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы ой қозғағанда символдық қызмет атқарғандығы зерттеу барысында айқындалды.

ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР13067896 «Орта Азия әдебиеті: посттаршылдық эстетика және әдеби байланыстар» жобасы аясында жазылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Саид Э. Ориентализм. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 326 б.
2. Қайратұлы Б. Қазақия қалай отарланды? – Алматы: BRK Press, 2019. – 400 б.
3. Bruno De Cordier, Adrien Fauve, Jeroen Van Den Bosch. European Handbook of Central Asian Studies: History, Politics & Societies, Stuttgart: Ibidem-Verlag, 2021. – 1021 p.
4. Кыргыз адабиятының тарихы: Фольклористика. – Бишкек: Шам, 2004. – 684 б.
5. Ауэзов М. О романе Султана Раева «Жанжаза» // Мысль. – 2013. – №8. – С. 69.
6. Раев С. Жанжаза. – Астана: Edige, 2019. – 312 б.
7. Нүсіпоқасұлы А. Тал бесіктен жер бесікке дейін. – Алматы: Өнер 21 ғасыр, 2014. – 592 б.
8. Леви-Стросс К. Мифология: Человек голый. – М.: Флюид, 2007. – 784 с.
9. Токарев С.А. Ранние формы религии и их развитие. – М.: Политиздат, – 1964. – 292 с.
10. Фрэзер Дж. Золотая ветвь. – М.: Политиздат, 1980. – 831 с.
11. Нұрмағанбетов Т. Періштелердің өлімі. – Алматы: Өлке, 2016. – 352 б.
12. Аймұхамбет Ж. Миф. Мифология. Мифопоэтика. – Астана: Фолиант, 2016. – 184 б.
13. Оразов Р. Қазақ халқын рухани құлдықта, мәңгірттік үлгіде ұстау көзделді // Аңыз адам. – 2015. – №21. – Б. 27.
14. Ислам Д.А., Нарметова С.Ғ. Қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық мінезді суреттеудегі көркемдік ізденістер // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №4(126). – Б. 7–18. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.01>
15. Қанарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі. – Алматы: Жазушы, 2004. – 288 б.

REFERENCES

1. Said E. Orientalizm [Orientalism]. – Almaty: Ulttyq audarma biurosy, 2019. – 326 b. [in Kazakh]
2. Qairatuly B. Qazakiia kalai otarlandy? [How was Kazakhia colonized?]. – Almaty: BRK Press, 2019. – 400 b. [in Kazakh]
3. Bruno De Cordier, Adrien Fauve, Jeroen Van Den Bosch. European Handbook of Central Asian Studies: History, Politics & Societies, Stuttgart: Ibidem-Verlag, 2021. – 1021 p.
4. Qyrgyz adabiiatynyn taryhy: Folkloristika [History of Kyrgyz Literature: Folklore Studies]. – Bishkek: Sham, 2004. – 684 b. [in Kyrgyz]
5. Auezov M. O romane Sultana Raeva «Janjaza» [About Sultan Raev's novel «Janjaza»] // Mysl. – 2013. – №8. – S. 69. [in Russian]
6. Raev S. Janjaza [Zhanzhaza]. – Astana: Edige, 2019. – 312 b. [in Kazakh]
7. Nusipogasuly A. Tal besikten jer besikke deiin [From the willow cradle to the Earth cradle]. – Almaty: Oner 21 gasyr, 2014. – 592 b. [in Kazakh]
8. Levi-Stross K. Mifologiki: Chelovek golyi [Mythologies: Naked Man]. – M.: Flyuid, 2007. – 784 s. [in Russian]
9. Tokarev S.A. Rannie formy religii i ih razvitie [Early forms of religion and their development]. – M.: Politizdat, 1964. – 292 s. [in Russian]
10. Frezer Dj. Zolotaya vetv [The Golden Bough]. – M.: Politizdat, 1980. – 831 s. [in Russian]
11. Nurmaganbetov T. Perishtelerdin olimi [Death of Angels]. – Almaty: Olke, 2016. – 352 b. [in Kazakh]
12. Aymuhambet J. Mif. Mifologiya. Mifopoietika [Myth. Mythology. Mythopoetics]. – Astana: Foliant, 20167 – 184 b. [in Kazakh]
13. Orazov R. Qazaq halqyn quldyqta, mangurttik ulgide ustau kozdeldi [It is planned to keep the Kazakh people in spiritual slavery, in the form of Mangistau] // Anyz adam. – 2015. – №21. – B. 27. [in Kazakh]
14. Islam A., Narmetova S.G. Qazirgi qazaq prozasyndagy ulttyq minezdi suretteudegi korkemdik izdenister [Artistic Searches of the Description of National Character in Modern Kazakh Prose] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №4(126). – B. 7–18. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.01> [in Kazakh]
15. Qanarbaeva B. Qazaqtyn nanyim-senimderinin folklordagy korinisi [Reflection of Kazakh beliefs in folklore]. – Almaty: Jazushy, 2004. – 288 b. [in Kazakh]